

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК  
ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ**

**Туристiк-өлкетану бағытында қосымша бiлiм беру  
бағдарламаларын жүзеге асыратын бiлiм беру ұйымдары  
жетекшiлерiнiң Республикалық үйлестiру кеңесiнiң  
кеңейтiлген отырысы**

**БАСПАСӨЗ-ХАБАРЛАМАСЫ**

**10 сәуір 2015 жыл**

**Орал қаласы**

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен Облыстық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының базасында 2015 жылғы 10 сәуірде сағат 10.00-де Туристiк-өлкетану бағытындағы қосымша бiлiм беру бағдарламаларын жүзеге асыратын бiлiм беру ұйымдары басшыларының Республикалық үйлестiру кеңесiнiң кезектi кеңейтiлген отырысын өткізеді.

Отырыс жұмысына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, білім және ғылым, мәдениет және спорт, инвестиция және даму министрліктерінің, облыстар, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының, халықаралық мекемелердің өкілдері, жас туристер орталықтары мен станцияларының басшылары қатысады.

Ведомствоаралық өзара әрекетті күшейту арқылы туристік-өлкетану бағыттағы қосымша білім берудің жаңа тәсілдерін анықтау және ұйымдастыру түрлерін дамыту мәселелеріне басты мән беріледі.

Басты міндет – елімізде балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың тиімді үлгісін жасау және оны қазіргі заманға лайықтап бейімдеу.

Үйлестіру кеңесіне қатысушылар ұсынымдар шығарады.

Қосымша мәлімет алу үшін мына телефондарға хабарласуға болады:

**8(7172)24-93-08, 8(701)500-18-17; e-mail: kalievdin@mail.ru**